

А. Серікова, ҚР Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 3-баам тыңдаушысы

Ғылыми жетекшісі: Т. Н. Сүлейменов, ҚР Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының қылмыстарды алдын ала тергеу кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты

МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗАТТАРДЫ ДӘЛЕЛДЕМЕ РЕТІНДЕ ЖИНАУДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Материалдар мен заттарды дәлелдемелер ретінде жинау заңда көрсетілген тергеу және сот іс-әрекеттерін жүргізу жолымен сотқа дейінгі іс жүргізу сот талқылауы процесінде жүргізіледі. Дәлелдемелерді жинау оларды табуды, бекітуді және алуды қамтиды ҚР ҚДЖК 125 бап 1 бөлім көрсетілген.

Дәлелдемелерді табу үшін, арнайы мақсатта белгілі бір тергеу әрекеті жүзеге асырылады. Мысалы, айтар болсақ, дәлелдемелерді табу мақсатында тексеру (ҚР ҚДЖК 221 бап), тінту (ҚР ҚДЖК 230 бап), куәландыру (ҚДЖК 226 бап), почта, телеграф жөнелтімдерін тұтқындау (ҚДЖК 235 бап) сияқты тергеу әрекеттері жүргізілуі мүмкін. Сонымен қатар, дәлелдемелерді табу үшін жедел іздестіру шаралары жүзеге асырылады. Сонымен бірге, заң нормасында көрсетілгендей, сезікті, айыпталушы, қорғаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ, кез-келген азаматтар мен ұйымдар дәлел бола алатын ауызша да, жазбаша да нысандағы мәліметтерді, сондай-ақ, заттар мен құжаттарды ұсынуға құқылы (ҚДЖК 125 бап, 4 бөлім)¹. Дәлелдемелерді бекіту деп заңмен айқындалған тәртіпке сәйкес, тергеу әрекеттері хаттамаларында дәлелдемелік мәліметтерді бекітуді айтамыз.

Іс бойынша жиналған дәлелдемелер жан-жақты және объективті зерттеуге жатады. Зерттеуге алынған дәлелдемелерді талдауды, оны басқа дәлелдемелермен салыстыруды, қосымша дәлелдемелер жинауды, дәлелдемелер алу кезіндегі тексеруді қамтиды (ҚР ҚДЖК 127 бап). Дәлелдеме, егер тексерудің нәтижесінде оның шындыққа сәйкес келетіндігі анықталса дұрыс деп танылады (ҚДЖК 128 бап, 5 бөлім).

Дәлелдеу процесінің негізгі тәсілі тергеу іс-әрекеттерін жүргізу болып табылады. Қылмыстық істі тергеу кезінде дәлелдемелерді табу, жинау, бекіту және зерттеу мақсатында жүзеге асырылатын қылмыстық іс жүргізу заңымен анықталған және процессуалдық мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз етілген операциялар мен әдіс-тәсілдердің жиынтығы тергеу іс-әрекеттерін құрайды.

Тергеу іс-әрекеттері төмендегідей түрлерге бөлінеді: жерді, үй-жайларды, заттарды, құжаттарды, көзі тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды тексеру; сезіктілер, айыпкерлер, куәгерден, жәбірленушіден жауап алу; куәгерді, жәбірленушілерді, сезіктілерді, айыпкерлерді, куә мен айыпкерді (сезіктіні), жәбірленуші мен айыпкерді (сезіктіні), куә мен жәбірленушіні беттестіру; сезіктіге, айыптаушыға, жәбірленушіге және куәға куәландыру жүргізу; адамды, затты, мәйітті таныту үшін көрсету; үй-жайларды және орындарды тінту; жеке адамды тінту; заттарды және құжаттарды алу; почта-телеграф жөнелтілімдерді тұтқындау, оларды тексеру мен алу; айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау; тергеу эксперименті; сараптаманы тағайындау.

Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер жедел іздестіру шараларының көмегімен жиналуы мүмкін. Жедел іздестіру шаралары деп қылмыстарды және оларды жасаған адамдарды анықтауға және ашуға бағытталған арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдардың жүзеге асыратын жария немесе жасырын әрекеттерін айтамыз².

Сонымен қатар қорыта келгенде, қылмыстық процесске қатысушылардың құқықтық санасы қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдеу процесіне байланысты ақиқатты, нақты болмысты

айқындайды. Өйткені ол процеске қатысушылардың танымын, бағалау қабілетін және сезімдік үлгілерін қамтып көрсетеді. Соның ішінде, қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесін реттейтін құқықтық нормаларға деген тергеушінің, айыпталушының, жәбірленушінің және қылмыстық процестің басқа қатысушыларының көз-қарастары мен қатынастары құқықтық сананың маңызды аспектісі болып табылады.

¹ Предмет доказывания в Советском уголовном процессе: гносеологическая и правовая природа. — Саратов 1981. — С. 35.

² Қазақстан Республикасының жедел іздестіру қызметі туралы заңы. 1994. — 54-б.